

**М.Жұмабаев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектебінің
педагог-психологтардың 2021-2022 оқу жылына атқарылған
жылдық жұмыс есебі**

Психологиялық қызметтің мақсаты – білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- | | | | |
|--|--|---|---|
| 1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру; | 2) білім алушыларға акпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету; | 3) білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету; | 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту; |
| 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру; 6) білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау; | 6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету; | 7) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру. | 8) білім алушылардың (Оқушылардың) психикалық денсаулығын сақтау; |

Жоғарыда аталған мақсат пен міндеттерге сүйене отырып, психологиялық қызметтің төменде көрсетілген бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді:

- I. Психодиагностика
- II. Түзету дамыту жұмысы
- III. Психологиялық кеңес беру жұмысы
- IV. Ағарту жұмысы

I. Психологиялық диагностика бағыты бойынша 1- 11 сынып білім алушыларының танымдық қабілеттерін диагностикалау жұмысы жүргізіліп, берілген ұсыныстар мен кеңестер бойынша түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.

Білім беру саласында білім алушыларынан психологиялық бейімделу деңгейін анықтау мақсатында 1, 5,10 сынып оқушыларына диагностикалық жұмыстар жүргізілді:

- 1 сынып оқушыларының (білім алушыларының) мектепке бейімделу деңгейін және танымдық, тұлғалық даму деңгейін анықтау мақсатында көру арқылы есте сақтау деңгейін, зейін процесінің даму деңгейін, мазасыздық деңгейін, мектеп мотивациясы, өзін өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған әдістер мен жаттығулары;
- 5 сынып білім алушыларымен (оқушыларымен) бейімделу деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар, таным қабілеттерін зерттеу, қобалжу, мазасыздық деңгейін, өзін – өзі бағалау деңгейін анықтау, темперамент формуласын анықтау диагностикасын зерттеу жұмыстары;

- 10 сынып оқушыларымен (білім алушыларымен) жаңа ортаға бейімделу деңгейін анықтау және білім алушылардың көзқарастарын білу мақсатында сауалнамалар жүргізіліп, нәтижесінде алынған диагностикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша жеке оқушылармен түзету дамыту жұмыстары жүргізіліп, психологиялық сүйемелдеу және түсіндірмелі әңгіме-кеңестер жүргізілді.



- 1-сынып ата - аналарымен балалардың іс-әрекеті негізінде мектептік мазасыздығын анықтау, бейімделу процесіне қатысты көзқарастарын, пікірін білу; бейімделу процесіндегі кедергідер мен қиыншылықтарды анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді;

Сауалнама нәтижесі бойынша білім алушылардың мектепке бейімделу процесі қалыпты деңгейде.

- 2 – 4 сыныптар бойынша оқушылардың танымдық деңгейін , тәрбие деңгейін, өзін-өзі бағалау деңгейіне бақылау-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, темперамент типтері анықталды.

Оқушылардың топтағы орнын анықтау мақсатында жүргізілген жұмыстардың қорытындысы шығарылып, сынып жетекшілеріне ұсыныстар берілді.

Түзету - дамыту жұмыстары аз таңдау алған білім алушылармен жеке жұмыстану жоспарланды. Өзін өзі бағалу деңгейін көтеруде оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып, топ алдында сенімділік деңгейін арттыруда жеке тұлғалық дамуына бағыт бағдар беру жұмыстары жүргізілді.



- 11 сынып ата-аналарымен «Жеке тұлғаға тиімді кәсіби мамандық таңдауда дұрыс көзқарас қалыптастыру» тақырыбында WhatsApp платформасы арқылы онлайн тест алынды.

Мақсаты: жасөспірім жастың психологиялық даму ерекшеліктері туралы мағлұмат беру, мамандық таңдаудағы ата-ананың атқаратын рөлін көрсету, балаға көрсетілетін көмек жолдарымен таныстыру. Ата – аналарға балаларының мамандық таңдауына қалай көмек беру туралы кеңестер берілді. Мамандық таңдауда дұрыс жол көрсете білу керектігі ескертілді.

- 5-11 сынып білім алушыларының «Тәрбие деңгейінің диагностикасы» атты диагностикалық жұмысы ұйымдастырылды.
- Диагностикалық жұмыс барысында білім алушылардың тәрбиелік деңгейінің көрсеткіштері бірнеше критерийлер арқылы бағаланды.
- Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас деңгейі қалыпты тұрақталды.



Бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында ББЖМ білім беру ұйымдарынан тәуелсіз, оқыту сапасын жүйелі бақылау, бастауыш және негізгі

орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында жүзеге асырылды.

Мақсаты: 4- 9 сынып оқушыларын Білім беру жетістіктерінің мониторингігін психологиялық тұрғыдан дайындадық жұмыстары жасалынды

-Оқушыларды арасындағы әлеуметтік- психологиялық қиын жағдайдағы сауатсыз стратегияны жою.

-Кез келген жағдайда дұрыс және ұтымды шешім қабылдап , шиелінізсіз шыға білуге стратегиясын қалыптастыру .

Оқушыларға психологиялық қызмет тарапынан келесі көмектер көрсетілді

Кенес берілді

Сауықтыру және дамыту жұмыстары жүргізілді



II. Түзету дамыту жұмысының бағыты бойынша ата- аналарымен, оқушылармен топтық және жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылып, түзету дамыту жұмыстары 1,2 сыныпта оңалту бойынша келіп түскен оқушыларға жоспар түзіліп, түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. 5,10 сыныптарға жаңа ортаға бейімделу процесін жеңілдету мақсатында, 11 сынып оқушыларымен ҰБТ-ке психологиялық дайындау,

9 және 11 – сынып оқушыларына мамандық таңдауда психологиялық қолдау жұмыстары, 8-10 сыныптар бойынша жеке тұлғалық түзету тренингтері, 5-7 сынып оқушыларымен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, топтық ахуалды реттеу, өзіндік реттеу бағыттары бойынша тренингтер ұйымдастырылды. Нәтижесінде ата-аналарына және оқушыларға бағыт-бағдар көрсетіліп, түсіндірмелі кеңестер, ата-ана мен бала арасындағы психологиялық ахуалына кері әсерін болдырмау мақсатында психологиялық сүйемелдеу және

психологиялық кеңес беріп жағымды ықылас ниет, оқушының мектеп жүйесінің тәртібіне бағынып, оқушы позициясы қалыпты дамуына оң әсерін берді.



2021



- 2022 оқу жылында

Педагог-психологтың көмегін қажет етіп келген оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді.

**Қазақстан Республикасының оқу- ағарту министрінің міндетін атқарушы
2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығын және Ы. Алтынсарин атындағы
ұлттық білім академиясы ғылыми әдістемелік кеңесінің
«Білім беру ұйымдарының білім алушылар арасындағы Аутодеструктивті
мінез-құқықтың алдын алу» бағдарламасының жүзеге асыру мақсатында
психологиялық тренингтер тұрақты жүргізіліп отыр.**

***Мектеп оқушыларының арасындағы құқықбұзушылық пен аутодеструктивті
мінез-құлықтың алдын алу бойынша Аутодеструктивті мінез құлық
бойынша ата-аналарға, ұстаздарға ақпарат беру, кеңес беру, бейне роликтер
көрсетіліп жұмыстар жүргізілді***

5-сынып оқушыларының оқу үрдісіне бейімделуіне жеке және топтық түзету дамыту жұмыстарын жүргізілді.

1-5сынып оқушыларының (білім алушыларының) мектепке бейімделу деңгейін және танымдық, тұлғалық даму деңгейін анықтау мақсатында көру арқылы есте сақтау деңгейін, зейін процесінің даму деңгейін, мазасыздық деңгейін, мектеп мотивациясы, өзін өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған әдістемелер алынып жаттығулары жасалынды.

***Сауалнама нәтижесі бойынша білім алушылардың мектепке бейімделу
процесі қалыпты деңгейде.***



«Кәмілетке толмағандар арасындағы және кәмілетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылық, зорлық, зомбылық, ерте жүктілік, деструктивті және аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу» тақырыбында тенинг 8-11 сыныптарда жүргізілді



7 -11 сынып оқушыларынан «Аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу» алу мақсатында оқушылардан анонимді сауалнама жүргізілді, 8-10 сыныптар бойынша жеке тұлғалық түзету тренингтері, 5-7 сынып оқушыларымен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, топтық ахуалды реттеу, өзіндік реттеу бағыттары бойынша тренингтер ұйымдастырылды. Нәтижесінде ата-аналарына және оқушыларға бағыт-бағдар көрсетіліп, түсіндірмелі кеңестер, ата-ана мен бала арасындағы психологиялық ахуалына кері әсерін болдырмау мақсатында психологиялық сүйемелдеу және психологиялық кеңес беріп жағымды ықылас ниет, оқушының мектеп жүйесінің тәртібіне бағынып, оқушы позициясы қалыпты дамуына оң әсерін берді.



